

## «Covid -19» әсерінен сыртқы әлем қалай өзгерді?

Осы вирус шыққаннан соң, әлемде көп нәрсе өзгерді. Сонымен қатар, адам өмірі мен табиғат. Осы уақыт аралығында адамдардың өмірге деген көзқарасы өзгерді деп ойлаймын. Күнделікті сақтану іс-шаралары, дистанция, бетперде тағу. Бұның барлығы вирустың бар екендігін немесе болғандығын еске салып отырады. Сыртқы әлем өзгеруі, адам үшін аса көрінбейді деп ойлаймын. Себебі, сол кезде әр адам өз өмірі мен денсаулығы үшін күресіп сақтанды.

Карантин басталғалы, жиі қыдыру, таза ауамен демалу, достар мен туыстар жиналысы азайып, жоқ болды. Тіпті, мектептер жабылып, карантин енгізілді. Менің ойымша, бұл жағдай барлық адамзат үшін сабақ болды. Өмірдің, әлемнің, табиғаттың қадаірін білу. Мен үшін «COVID-19» бетперде, арақашықтық сақтаумен ассоциация алады.

Осы белгілі аралық уақыты, табиғатқа күрт өзгерісін әкелді. Менің ойымша, бұл өзгеріс табиғат үшін өте жақсы болды. Себебі, соңғы жылдары адамдар табиғатты ластап кетті. Бұның барлығы табиғатқа деген сыйластығын құртып тастады. Әрине, бұл өмірде табиғатқа деген ыстық сезімі бар адамдар аз емес. Сол адамның қатарына өзімді де, сенімділікпен қоса аламын. Дегенмен, әлі ірі іске жетпедім. Бірақ ұсақ-түйік жұмыста, мен үшін маңызды. Табиғат- адамның ажырамас бөлігі.


Мысал ретінде, сіздерге бірнеше сурет ұсынғалы жатырмын:

Атмосфераның мөлдірлігінің ең әсерлі көрінісін Үндістанның солтүстік аймақтарының тұрғындары байқай бастады - олар көптеген жылдар бойы Гималай тауларының панорамасын ашты, ол ашық ауа райында жүздеген адамдар үшін көрінді. километрден. Сәуірдің басында Пенджаб штатының солтүстік -батысындағы Джаландхар қаласының тұрғындары екі жүз шақырымдай қашықтықта орналасқан тау шыңдарының кадрларын әлеуметтік желілерде бөлісе бастады.




Мәскеу де еркін тыныс алды, мұнда барлық шығарындылардың 90% автокөліктер құрайды.

Карантиннің арқасында, аңшылар аң аулауға шыға алмады. Осы жануарлар үшін демалыс болды деп санауға болады. Мысалы: Уэльс қалаларында тау ешкілері еркін жүреді, Лондонда бұғылар, Крайстчерте (Жаңа Зеландия) қояндар, Сантьягода пумалар, ал Дубайда қырғауылдар.



Келесі бұл Қытай аспанының ашық болуы: Эпидемияға байланысты Қытай билігі ауаға азот диоксиді шығаратын көптеген зауыттар мен фабрикаларды жабуға мәжбүр болды. Бұл химиялық зат қазіргі кезде ең көп таралған ластаушылардың бірі. Бұл улы газды көлік пен өнеркәсіптік нысандар шығарды.



Келесі ол- Италия. Көптеген ғалымдар Италия коронавирустың таралуының жаңа ошағына айналғанын айтады. Ауруханаларда жүздеген дәрігерлер адамдардың өмірі үшін күресіп, ауруды жеңуге тырысады. Алайда, бұл жерде де вирус экологияға өзіндік түзетулер енгізді. Венецияда көп жылдар бойы алғаш рет каналдардағы су мөлдір болды. Оларда балық пен ақ



Ал бұл вирусқа дейінгі сурет:

аққулар пайда болды. «Қайық қозғалысы болмағандықтан, аққулар қайтып оралды. Бұл баға жетпес!» - деп жазды блогер Filterjim.

Сол себепті Италияндық тұрғындар «табиғат қайта өмірге келді» деп сенеді.

Алдыңғы суреттерден кейін, бұл суретке карағыларыңыз келмейді, солай ма?

Мен үшін иа. Себебі, үлкен айырмашылық айқын көрінеді. Ал адамдар бұнымен демалады. Әрине, бұл өзгеріс «COVID-19»-сыз болса керемет болушы еді. Өкінішіке орай, бола алмады. Сол себептен, еңсемізді түсірмей, бұл өзгерістер үшін қуанайық. Келесі сурет вирсуқа дейін және кейін:



Ащы болса да, осы уақытта және осы уақытқа дейін көп адам о дүниеге аттанды. Бұл жақындарымыздың қадірін біліп, қуанышты сәттерімізді бірге өткізуге, бағалауға сабақ болды.

Келесі кезеңде, дәрігерлер өмірі. Бұл адамдардың да өмірінде өзгеріс пайда болды. Сол себепті, бас иемін. Дәрігерлер жұмысы көп есе артты. Жақындарынан алыстады. Жұмысы қиындады. Суреттерге назар аударайық:

Осы суретте бір-біріне жақын жандар, қосыла алмайды. Қазір барлығы жақсы деген үміттемін.

Жұмыстары қиын болса да, еңселерін түсірмей, ары қарай жұмыс істеп жаттыр. Сол себепті, алғысым шексіз!



Қорытындылай келсем, осы аралық уақыты, адамға жетілуге, өмірдің қадірін білуге, әлемнің күрт өзгерісін көруге мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар, көршілес елдермен қарым-қайынасын



нығайтты. Және ол болған нәрсе. «COVID-19»-дың оң және теріс салдары бар. Атап өткендей, оң салдары: адамға сабақ беру, жақындары мен өмірдің қадірін білу, табиғаттың тазалануы. Табиғаттың тазалануы мен үшін таң қаларлық жағдай. Себебі, мен шынымды айтсам, бұл өзгерісті күтпедім. Бірақ шын жүректен қунаыштымын. Ал теріс салдары: адамдардың жақындарынан айырылуы, кездесе алмауы. Дәл қазір «COVID-19» әлі де бар. Және өкінішке орай вирустың басқа түрлері шығып жатыр. Сол себепті сақтанып жүргеніміз, ең жақсы жол болады деп ойлаймын. «Сақтансаң – сақтаймын!», деген қорғасын ойды санамызда қорытып, амалымызға айналдырайық.

Сол себепті коронавирус індетіннен сақтандыратын шараларға әрқайсымыз жоғары жауапкершілікпен қарайық!